

Кәтрин Әллгейт

ҚРЕНШӨУ

Әңгіме

Қазақ тіліне аударған Мейіржан Мұхамбетов

Астана-кітап

ӘӨЖ 821.111-93 (73)
КБЖ 84 (7Сое)
Ә67

Авторы: Кәтрин Әплгейт

Кәтрин Әплгейт
Ә67 Креншоу: Әңгіме. / К. Әплгейтт, : – Алматы:
Астана-кітап, 2024. – 180 б.

ISBN 978-601-7595-98-2


Жәксон – бесінші сынып оқушысы. Ол қиял әңгімелерге қарағанда, фактілерді жақсы көреді. Қазір оның отбасы ауыр күндерді бастан өткеруде. Үйі мен тамақ алатын ақшасы болмағандықтан, минивэнде тұруға мәжбүр. Қиындықта қолдау көрсететін жалғыз досы бар. Ол – қиялдағы мысық. Мысықтың аты – Креншоу. Ол да, Жәксон секілді, күлгін мармеладты жақсы көреді. Креншоу баланың өмірін түбегейлі өзгерту үшін келген. Бірақ, қиялдағы дос қалай көмектесе алады екен?

ӘӨЖ 821.111-93 (73)
КБЖ 84 (7Сое)

ISBN 978-601-7595-98-2

©Астана-кітап, 2022

ҚРЕНШӨУ



КЕЙІПКЕРЛЕР



Робин



Жәксон



Әкесі



Анасы



Арета



Марисоль

МАЗМҰНЫ

Бірінші бөлім

Бір.....	8
Екі.....	11
Үш.....	14
Төрт.....	15
Бес.....	22
Алты.....	24
Жеті.....	26
Сегіз.....	28
Тоғыз.....	33
Он.....	37
Он бір.....	41
Он екі.....	45
Он үш.....	47
Он төрт.....	51
Он бес.....	56
Он алты.....	60
Он жеті.....	65

Екінші бөлім

Он сегіз.....	69
Он тоғыз.....	71
Жиырма.....	73
Жиырма бір.....	77
Жиырма екі.....	80
Жиырма үш.....	83
Жиырма төрт.....	87
Жиырма бес.....	91
Жиырма алты.....	95
Жиырма жеті.....	98
Жиырма сегіз.....	100
Жиырма тоғыз.....	102
Отыз.....	103
Отыз бір.....	106

Үшінші бөлім	Елу.....	172
Отыз екі.....	Елу бір.....	176
Отыз үш.....	Елу екі.....	178
Отыз төрт.....		
Отыз бес.....		
Отыз алты.....		
Отыз жеті.....		
Отыз сегіз.....		
Отыз тоғыз.....		
Қырық.....		
Қырық бір.....		
Қырық екі.....		
Қырық үш.....		
Қырық төрт.....		
Қырық бес.....		
Қырық алты.....		
Қырық жеті.....		
Қырық сегіз.....		
Қырық тоғыз.....		

Джейкке арнадым

Доктор Сандерсон:

— Жақсылық айланшы, Дауд. Харви есімді біреу-міреуді танышы ма едіңіз? Бұрын-соңды сондай есімді адамды білуші ме едіңіз?

Элвуд П. Дауд:

— Жоқ, жоқ, сондайды мүлде танымаймын, доктор. Оған сонша үміт артқаным да содан болар.

МЭРИ ЧЕЙЗ, Харви (1944)



БІРІНШІ БӨЛІМ

Есік – ашуға керек. Шұңқыр – қазуға керек Алғашқы анықтамалар кітабы.

Рут Краусс

БІР

Серфер мысықтан бірнеше ерсілік байқадым.

Біріншіден, ол – серфингпен шұғылданатын мысық.

Екіншіден, **МЫСЫҚТАР ПЫСЫҚ, ИТТЕР САСЫҚ** деген жазуы бар шолақ жең жейде киіп алыпты.

Үшіншіден, құдды үстіме су тимесін дегендей, үлкен қолшатыр ұстап алған. Ойлап қарасаңыз, серфингте су тимесін деген ойдың өзін айтсаңшы?!

Төртіншіден, мына жағажайда менен өзге ешкімнің көзіне көрінбейтін сияқты.

Мысық жайлы толқынға мініп алып, біркелкі келе жатқан. Тек жағаға жақындай бере қолшатырын жайып кеп жібермесі бар ма. Онысы қате болды,

салдары да қиын: ұйытқыған жел көтеріп әкеткенде, сәл болғанда ұшып жүрген шағалаға соғыла жаздап кете барды.

Тек оны тіпті шағала да байқамай қалған сияқты.

Мысық менің төбемде бейне бір түк басқан шардай қалықтап жүр. Мен жоғары қарадым, ол төмен қарады. Маған қол бұлғағандай ма, қалай...

Мысықтың жүні ақ пен қара аралас, пингвинге ұқсайды. Жүн-жүн смокинг киіп, салтанатты шараға бара жатқандай.

Өзі біртүрлі таныс көрінді.

“Креншоу” дедім іштей.

Айналама көз салдым. Біреулер құмнан қамал соғып, өзгесі фрисби лақтырып ойнап жүр, енді біреу теңіз шаянын аулап жүр. Тек аспанда қолшатыр ұстап ұшып жүрген серфер мысыққа ешқайсысы мән берер емес.

Көзімді тарс жұмып, онға дейін санадым. Баяу санадым.

Онға дейін санасам, есім қалпына келердей көрінді.

Аздап басым айналып тұрғандай. Тек әдетте қарным ашқанда осылай болады. Таңғы астан бері нәр татпағанмын.

Көзімді ашып, жеңіл тыныстадым. Мысық жоқ. Бір шөкім бұлтсыз көк аспан бос, әрі шексіз болып көрінді.

Тарс! Аяғымнан екі елі әріге жинаулы қолшатыр

найзадай қадала кетті.

Сары-қызыл пластиктен жасалған, күлімдеген тышқандардың суреті салынған қолшатыр екен. Тұтқасына түрлі түсті қаламмен БҰЛ ҰШШАТЫРДЫҢ ИЕСІ – КРЕНШОУ деп жазып қойыпты.

Тағы да көзімді жұмдым. Тағы да онға дейін санадым. Көзімді ашсам, қолшатыр ма, ұшшатыр ма, әлгі не еді, сол жоқ болып кетіпті. Мысық та жоқ.

Жадыраған жаздың ортасы болса да, тоңған адамша қалтырай бастадым.

Терең хауызға секіретін алдындағыдай денем құсеттеніп кетті.

Қайда бара жатқаныңды білмейсің. Жетер-жетпесіңді де білмейсің. Тек шегінер жол жоқ екенін ғана білесің.